

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ОҚУ ҮРДСІНДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Жумабаева К. Е. – «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің оқытушысы, КММ «Қостанай жоғары медициналық колледжі», Қостанай қаласы.

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық педагогикалық қызметін, идеяларын оның ұлттық тарихында қалдырған мұрасын зерттеп қазіргі заман талабына сәйкестігін сипаттама берілген.

Кілт сөздер: Ыбырай Алтынсарин, ағартушылық қызмет, оқу үрдісі еңбектері, тәлім-тәрбие.

«Мен келермін, кетермін, артта жазған сөз қалар», – деп қазақтың кемеңгері, біртуар перзеттерінің бірі әрі бірегейі Шәкәрім айтқандай әр пенде жалғанда жаратылған адамдық ісімен мәңгі болып қалмақ. «Даланың күмбірлеген қонырауы» аталып кеткен Ыбырай атамның қазақ кемеңгер ойшылдарының арасында шоқтығы биік, алар орны ерекше екеніне ешкім де шүбә келтірмесі хақ. Сахараны батысынан шығысында, түстігінен терістігіне дейін көшіп-қонып жүрген сол заманғы қазақ халқы діни наным, ғасырлар бойы қалыптасып қақталған ұлттық салт-сана, дәстүр, кең даланың дара да дана түсігінен өзгірісінен мақрұм еді. Қонсы қонған көрші елдер білім-ілімнен іліп алып, алға шапқанда, қараңғы қазаққа шыңайы түрде қауіп төнген еді. Жалғыз даңғыл жол-ғылымның етегіне жармасып, халықты ағарту еді.

Батыстық үлгідегі білім, діни нанымға айтарлық түрде қарсы келетін жаңа танымды қазақ санасына сіңіру оңай болмағалы анық. Осы жолда тыңбай еңбек етіп, ат дүбірі, күй күмбірінен өзге дыбыс естілмеген кең байтақ қазақ даласына шамшырақ болып, қонырау үнін күмбірлеткен, «Кел, балалар, оқулық!», деп барша қауымға жар салған жалғыз тұлға. Ыбырайдың атқарған айтуы жауыр болды деушілер қатты қателеседі, неге десеңіз, Ыбырай атамның айтылмаған тарих қатпаларында ашылмаған талай қырлары баршылық, сол тұрғыда зерттеу жүргізіп, оны жас ұрпақпен таныстыру бүгінгі күннен еншісіндегі іс болмақ.

Ағартушылық идеяларымен жігерлендіріген ол ауыл-ауылды аралап, жергілікті халыққа білім алудың маңызы мен қажеттілігін түсіндіруге күш салды. Осындай өткізілген орасан жұмыс арқасында қазақ балаларына арналған интернаты бар мектеп ашылды. Халық ағартушысы жүргізген үгіт жұмыстары нәтижелі болды. Бұл ретте ол былай деп қуанып жазды: «Аш қасқырдың қойға ұмтылғаны сияқты, мен балаларды оқытуға қызу кірістім және мені өте қанағаттандыратыны – бұл балаларды үш айдың ішінде оқуды, тіпті жазуды үйреніп алды». Қазақстанда қыз балаларға білім берудің бастауы да Ы.Алтынсариннің есімімен байланысты [1, с. 145].

Аса көрнекті халық ағартушысының басшылығымен қыз балаларға арналған бірнеше мектеп ашылды. Ол мектептердің жанында интернаты болды. Ыбырай Алтынсарин мектепті халық ағарту ісінің маңызды буыны санады. Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылмас Ыбырайдың өмірлік ұстанымына айналды. Жас ұрпақты тәрбиеулеуде аса маңызды болып рухани, адамгершілік, патриоттық, азаматтық тәрбие екені бәрімізге аян. Осы маңызды тәрбие негіздері қазақ халқының ірі тұлғарын да ойландырған. Атап айтатын болсақ, Ыбырай Алтынсарин шығармаларында өз тереңділігі жатыр.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының оқытылуы қазіргі заманда да өзекті мәселенің бірі болып отыр. Болашақ медициналық қызметкерлерге Ыбырайдың адамға аяушылықпен қарау, қай кез болмасын адам өз адамгершілік қасиеттерін жоғалтып алмауы, өскелен ұрпаққа із қалдырып, өз ісімен тәрбиелеу сияқты идеялары аса маңызды. Ыбырай қазақ жастарын оқуға үндеуімен қатар, адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болантындығын ол жақсы ұғынды. Ыбырай өзінің оқытушылық, жазушылық, аударшылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды. Ыбырай жан-жақты білімді адам болған. Білімді адам ретінде ол прогреске, білімге ұмтылудың қазақ халқы үшін қаншалықты зор маңызы бар екенін айқын көре білді. Қазақ халқының болашағына, еліміздің өсіп-өркендеп, дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға да ерекше мән берді [2; с.149].

Ы.Алтынсарин қазақ балаларын білімдерін жетілдіруіне, оларға болашақ өміріне жол сілтеп, кәсіби бағдар беруіне де аса зор көңіл бөліп отырған. Осының дәлелі ретінде қазақ халқының алғашқы дәрігері біздің жерлесіміз Мұхамеджан Қарабаевтың Троицк қаласындағы ер балаларға бастамасын әрі қарай жетілдіріп, қазақ елі арасынан шыққан М.Қарабаев Қазан қаласындағы медициналық университетіне түсіп, ойдағыдай тәмамдады. Алтынсарин қазақ халқын оқуға шақырып, елдерімен надандықтан арылтып, әңгімелері арқылы жан-жақты тәрбиелесе, ал М.Қарабаев сол кездегі аса қауіпті ауруларды емдеп, шалғай жерлерге барып, індеттерді жоюға қатысқан. Қазіргі уақытта зер сала қарап отырсақ, Алтынсарин мен Қарабаевтың өмірдегі ұстамдылығы, адамға деген мейрімділігі,

жақсылық жасауы, өз елінің патриоты болғанына күмәніз жоқ.

Осы тұрғыда Қостанай жоғары медициналық колледжінің оқытушылары қазақ тілі сабақтарындағы Ы.Алтынсарин мен М.Қарабаевтың еңбектері мен шығармаларын үлгі ретінде қолданып, студенттерді отансүйгішлікке, мейрімділікке тәрбиелеуінің басты міндетінің бірі деп санайды. Ы.Алтынсарин алғаш әдебиетімізге проза жанрының да негізін қалады. Балаларға арнап жазылған бұл әңгімелерін өзінің төл өлеңдеріне қосып сол Хрестоматиясына енгізді. Осы қысқа әңгімелерін ол жас шәкірттерді адамгершілікке, ізгілік пен бауырмалдыққа, адал еңбек пен әділдікке, әдептілік пен сыбырлыққа, зейінділік пен бідімді еркін игеруге шақырды. Ыбырай прозасының басты ерекшелігі неде дегенде, мынаны айтуға тиіспіз: қазақ халқының мәдени-әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, жаңа буын жастардың өсіп жетілуіне қажетті үлес қосу еді. Жазушының «Аурудан аяған күштірек», «Асыл шөп», «Малды» атты әңгімелері қайырымдылық пен бауырмалдық, сабырлық пен шыдамдылық секілді ізгі қасиеттерді тәрбиелеуге арналған.

Сондай-ақ, жазушының балаларды әдеп пен әділдікке, қанағатшылдық пен жомарттыққа, сақилық пен тазалыққа, ізеттілік пен бауырмалдыққа шақыратын әңгімелері де бір төбе. Ыбырайдың ендігі бір топ әңгімелерінде «Әке мен бала», «Баланың айласы», «Надандық» әңгімелерінде жазушы ойлы да ұтқыр ойларын оқырмандарға жеткізе отырып, мейрімділік пен келсе де айтыс не екенін түсіндіретін «Жан-жануарлардың дауласқаны», «Байұлы», «Сәтемір хан», «Жәнібек батыр», «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары» тәрізді топтамаларында тапқырлық, шешендікке баулуды мақсат етеді. Ыбырай тазалық туралы, шалғай ауылдан келген қазақ балаларының интернатта жүріп-тұруы, күн тәртібін сақтау туралы, балаларды уақытылы егу жасалуы туралы өз ойларын отраға салып, жүзеге асырған. Айталық, ол «Салақтық» әңгімесінде салақтық, тазалық сақтамау салдарынан кейіпкер жанын тапсырды. Осы әңгімеде жазушы «Құдай тағала таза жүрмеген былғаныш кісіні сүймейді, тым болмаса жуынуды әдет етсең шикан, қотыр деген бәлелерге душар болмас едің», – деп кейіпкеріне ақыл-кеңес береді.

Қазіргі уақытта жиі көтеріліп жүрген өзекті мәселелердің бірі-салауатты өмір салтын сақтауын, сол кезде де Ыбырай атамыз қозғап, өз ой-пікірлерін ұрпаққа жеткізіп отырған. Сол заманда-ақ Ыбырай Отанына жасаған игі істерімен халқының болашағын ойлауы, дені сау ұлттың сақталуына көп көңіл бөліп, меңзеп отырғаны жас ұрпақты ойландыруға тиісті деп ойлаймын. Ұлы ағартушы адамға деген сеніммен қарап, оның күш-жігеріне сенген. Оның ойынша білім мен тәрбие-бір тұтас ұғым. Адам шеніне, байлығына, кедейлігіне қарамай білім бәріне бірдей болуы керек деген ұстанымдылығымен белгілі. Ол өз ғұмырының соңғы кезінде былай деп жазды: «Мен түбегейлі терең сеніммен туған халқыма шаманның келгенінше пайдамды тигізсем дегент ниетіммен ешқашан бас тартпаймын». Ы.Алтынсариннің ұшаң-теңіз еңбегі қазақ халқының білім дамуына, білім көкжиегінің кеңеюіне, рухани және мәдени гүлденуіне игі ықпал етті.

Атқарған еңбегі мәуелі ағаштың жемісіндей мол болған тұлға Ыбырайды құрмет, өмірлік ұстаз тұту әр заман ұрпақтарының заңды парызы мен міндеті. «Жұпар қалтадан жұпар кетсе де, иісі қалар» демекші, бұл фәниден өзі озса да, сөзі, атқарған ісі тарих беттерінде мәңгілік қалғанда, Алтынсарин ұмытылмақ емес, ылайым, солай болмақ. «Тәрбие-тал бесіктен», «Ел болам десен бесігіңді түзе» бұл даналық сөздер бекерге айтылмаса керек. Ыбырайдың еңбектері тек білім, ғылым жайында емес, жоғарыдағы мақалдарда берілгендей тәрбиелік мәні зор, адамгершілік, ізгілік, еңбек, ар-намыс, патриот болып қалыптасуға үлкен септігін тигізеді. Сондықтан, кеше, бүгін, ертең болсын оның қалдырған мұрасы өшпек емес. Оның қалдырған қазақ мектебі, оның қалдырған қазақ хрестоматиясы, оның шығармалары, кітаптары өшкен жоқ. Керісінше, заманмен бірге жасап, бірге жаңарып, бірге жасарды.

Сонымен, Ы.Алтынсариннің ағартушылық-педагогикалық идеяларын жүйелеуде мынадай белгілерін түйіндеуге болады. Ағартушылық-педагогикалық идеялары: мектеп жүйесін құрастыру; гуманистік көзқарасы; қазақ баларын сауаттандыру; ана тілінде оқыту; білімді саналықпен игеру; дидактиканың ғылымилық принципіне сүйену; халықтық педагогикаға сүйену; орыстандыру саясатына қарсы күресу; дінді оқуға өзгеше көзқарас.

Ы.Алтынсариннің білім беру үрдісіндегі ағартушылық идеялары: ана тілін үйрету; орыс тілін үйрету; математика; жаратылыстану; тарих және жағрапия; еңбек сабақтары.

Қорыта келе қараңғыда қарманған халқын жарыққа жетелеген, қазақтың санасын жайлаған дерттің емін тап басып, көре білген Ыбырай ұстаз қазақ қоғамына жаңалықтың дәнін себуші қарлығаш.

Әдебиеттер тізімі:

1. **Ы.Алтынсарин** «Таңдамалы шығармалар. I том» / А., 1975 ж.
2. **«Ы.Алтынсарин және қазақ халқы мәдениетінің дамуы»** / А., 1984 ж.
3. **«Әңгімелер»** / А., 1980 ж.
4. **Ы.Алтынсарин** «Таңд. шығарм. Жинақы» / Алматы, 1955, 118 б.
5. **«Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы»** / Құр. Қалиев С. / А., 1994, 122-129 б.
6. **Қ.Жарықбаев, С.Қалиев** «Қазақтың тәлім-тәрбиесі» / А., 1995 ж.